

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 312 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қарашада № 4786 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 57 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 22.04.2019 № 57 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 болып тіркелген "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Түркістан облысы әкімдігінің:

1) 2018 жылғы 14 мамырдағы № 133 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4604 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық банкінде жарияланған);

2) 2018 жылғы 20 шілдедегі № 211 "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 133 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4696 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 шілдеде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылғы 30 шілдеде

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық банкінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Түркістан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ.Т.Нүкеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Т. Нүкенов

Т.К. Сәрсембаев

А.Е. Тұрғымбеков

Е.Қ. Тасжүреков

Е.Ә. Садыр

А.С. Сәбитов

Ұ. Сәдібеков

А.Б. Тасыбаев

Ж. Түймебаев

Түркістан облысы
әкімдігінің 2018 жылғы
"19" қарашадағы
№ 312 қаулысына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге	Субсидия көлем	Субсидия сомасы, мың теңге	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі
---	--------------------	---------------	---	----------------	----------------------------	---

Етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлық аналық бас	бас	10 000	5 365	53 650,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас	бас	20 000	493	9 860,0
2.	Отандық етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқаларын сатып алу				
3.	Импорттық асыл тұқымды немесе таза тұқымды аналық басын сатып алу	бас	225 000	500	112 500,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1	Асыл тұқымды бұқалардың ұрығын сатып алу				
1.1	бір жынысты	доза	10 000	205	2 050,0
1.2	қос жынысты	доза	5 000	755	3 775,0
2.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу				
2.1	отандық немесе ТМД елдерінен импортталған	бас	150 000	100	15 000,0
3.	Сүтті бағыттағы аналық бастың азығына жұмсалған шығындарын құнын арзандату	бас	120 000	1 469	176 280,0
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	1 000	90 500	90 500,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
2.1	асыл тұқымды аналық бас	бас	2 500	112 000	280 000,0
2.2	тауарлы аналық басы	бас	1 500	605 146	907 719,0
3.	Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу тұсақтар	бас	8 000	100	800,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	120	12 000,0
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	5 000	4 187	20 935,0
Барлығы					1 707 569,0
Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері					
Етті мал шаруашылығы					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1 000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату				
	тонна	200	1 730	346 000,0	
Сүтті және сүтті-етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
1.1	бағымдағы аналық бас саны 600 бастан басталатын шаруашылық	тонна	35	3 200	112 000,0

1.2	бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	тонна	10	1 636,67	16 366,7
1.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі	тонна	10	1 000	10 000,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату				
1.1	күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	тонна	200	2 350	470 000,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1.1	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2,7	25925,9	70 000,0
1.2	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2	16 687	33 374,0
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы өткізу құнын арзандату	бас	3 000	6 000	18 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	тонна	60	166,7	10 000,0
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	тонна	55	500	27 500,0
Барлығы					1 113 240,7

Түркістан облысы
әкімдігінің 2018 жылғы
"19" қарашадағы
№ 312 қаулысына
2- қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы						
1	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу					
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	257	43 690,0	
Мал шаруашылығы						
2	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл	бас	100 000	368	36 800,0	

	тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу				
Қой шаруашылығы					
2	Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
1)	тұқымдық қошкарлар	бас	20 000	319	6 380,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	20	800,0
Барлығы					87 670,0
Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері					
Мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	3 447	155 115,0
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	2 093	125 580,0
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	832	54 080,0
4)	551-ден 600 килограмға дейін	бас	75 000	6 321	474 075,0
2.	ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	1 504	30 080,0
Сүтті және сүтті-етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату				
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	тонна	10	814,87	8 148,7
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
2)	20 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2	13 360,5	26 721,1
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	тонна	100	52,4	5 240,0
Қой шаруашылығы					
2.	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату				
1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	тонна	150	45,42	6 813,9
2)	сапасы 50-ден басталатын жүн	тонна	100	4,78	477,7
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	тонна	110	84,66	9 312,7
2.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	тонна	120	369,37	44 324,4
Барлығы					939 968,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК